

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
05.02.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 05.02.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «2006 жылғы 6 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция және оған Хаттама шеңберінде Қазақстан Республикасының және Армения Республикасының уәкілетті органдары берген резиденттікті растайтын ресми құжаттарды тану тәртібі туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайылов мырзаға беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің карауларыңызға екіжақты экономикалық, сауда және инвестициялық ынтымақтастықты дамыту және нығайту мақсатында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы табыс салығы мен салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға және оның 2006 жылғы 6 қарашадағы Хаттамасына сәйкес Қазақстан Республикасының және Армения Республикасының уәкілетті органдары берген резиденттікті растайтын ресми құжаттарды тану ноталарымен алмасу түріндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Келісім екіжақты халықаралық шарт болып табылады және Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасының уәкілетті органдары берген резиденттікті растайтын ресми құжаттарды тану тәртібін жеңілдету мақсатында жасалды.

Аталған тәртіп екі мемлекеттің салық төлеушілеріне апостиль қоюсыз резиденттігін растайтын құжатты салық агентіне ұсынуға мүмкіндік береді.

Бұл рәсім мұндай тәртіп ретроспективті түрде 2012 жылдың қаңтарынан бастап қолданылатын болады. Мұндай ретроспективтік екі мемлекеттің салық төлеушілеріне қосарланған салық салу қаупін болдырмауға мүмкіндік береді.

Осы келісім біздің елдердің әрі қарай қатынасының дамуына бағытталған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі шаралардың бірі болып табылады.

Келісімді іске асыру мемлекеттік бюджеттен қаржы шығындар талап етпейді.

Сіздерден осы келісімді ратификациялау туралы оң шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Баршамызға белгілі, 2016 жылы Қазақстан Республикасы Ресей Федерациясымен апостильді жою бойынша осыған ұқсас келісімге қол қойған болатын және оны ратификациялады.

2018 жылы резиденттікті растайтын органның қолы мен мөрін заңдастыруды жою жөнінде осындай өзгерістер хаттама шеңберінде Беларусь Республикасымен қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімге енгізілген болатын.

Жоғарыда көрсетілген халықаралық шарттарды іске асыру қорытындылары бойынша Қазақстан өткен кезеңде қандай оң экономикалық нәтижегі ие болғанын айтып бере аласыз ба? Болашақта басқа мемлекеттермен осындай жұмыстарды жалғастыруды жоспарлап отырсыздар ма? Егер жоспарлап отырсаңыздар, ол қандай мемлекеттер? Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Өздеріңіз білесіздер, екіжақты салық конвенциялары екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты күшейтуге өз ықпалын береді. Қаралып отырған келісім екіжақты салық конвенциясының ережелерін қолдануға жеңілдіктер береді. Белоруссия мен Ресей Қазақстанмен бірге Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері. Қазақстанның бұл мемлекеттермен бірге өзара саудасы соңғы үш жылдың ішінде 25 пайызға өсіп, былтырғы жылдың қорытындысы бойынша 16 миллиард доллардан 20 миллиард долларға дейін жетті. Дәл осындай келісім Өзбекстанмен жасалынды, оған қол қойылды, қазір ратификациялау жұмыстары жүргізілуде.

Және Қырғызстанмен, Тәжікстанмен, Түрікменстанмен, Грузиямен, Әзербайжанмен, Литвамен, Молдовамен, Украинамен осындай апостиль қою талабын болдырмау түрінде келісімді жасау бойынша келіссөздер жүргізілуде. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Хаменова Бақытгүл Қайржанқызына беріледі.

ХАМЕНОВА Б.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Сыртқы істер министрлігінің өкіліне арналады.

Армения Республикасымен қаралып отырған келісімде резиденттікті растайтын құжатта апостильдің күшін жоюға байланысты өзгерістер ноталар алмасу арқылы енгізілді. Ал 2018 жылы біздің ел Беларусь Республикасымен қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялады, сондай-ақ онда апостильдің күшін жою көзделген.

Әлихан Асханұлы, айтыңызшы, неліктен осындай өзгеріс Беларусь Республикасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы енгізілсе, ал Армения тарапымен келісімге біз ноталар алмасу нысанында қол қойдық? Және осы мәселе бойынша Сыртқы істер министрлігінің өкілі де түсінік бере кетсе. Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Апостильді жою туралы мәселесінде тәжірибеге сәйкес екі жол бар, яғни екіжақты қолданыстағы салық конвенциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша хаттама шеңберінде жасауға болады немесе ноталармен алмасу тәртібінде қосымша келісімге келуге болады. Сондай екі жолы бар.

Беларусь тарапымен апостильді жою мәселесі туындаған кезде біз Беларусь Республикасымен екіжақты салық конвенциясына өзгерістер енгізетін хаттаманың жобасын келісіп отырғанбыз, сол кезде Беларусь тарапы бізге апостиль мәселесін осы хаттаманың шеңберінде шешейік деген ұсыныспен шықты, біз оны қолдадық. Сондықтан ол осы жолмен шешілді.

ТӨРАҒА. Марат Зеникенұлы Сыздықов.

СЫЗДЫҚОВ М.З. Сұрағыңызға рақмет.

В международном праве оба варианта считаются равноценными. В принципе, Алихан Асханович полностью ответил на вопрос.

ТӨРАҒА. Практика позволяет обе эти формы. Жақсы.

СЫЗДЫҚОВ М.З. Практика позволяет.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Тасболатов Абай Бөлекбайұлына беріледі.

ТАСБОЛАТОВ А.Б. Рақмет, Нұрлан Зайроллаұлы.

Как было отмечено, Алихан Асханович, рассматриваемое соглашение в форме обмена нотами направлено на упрощение процедуры признания официальных документов, подтверждающих резидентство физических и юридических лиц двух стран, то есть на снятие некоторых бюрократических процедур. Вместе с тем в пункте 1 соглашения указано, что отмена апостиля будет действовать только в отношении официальных документов, выданных 1 января 2012 года.

Скажите, почему все-таки этим соглашением определен именно такой срок? Спасибо.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопрос. Этот срок связан со сроком исковой давности по налоговым вопросам. У нас налоговым законодательством предусмотрен срок исковой давности пять лет. Когда данное соглашение рассматривалось (проект нот), это был 2017 год, и пятилетняя давность, соответственно, это 2012 год был. Подпись мы

поставили в 2018 году, и вот сейчас завершаем процедуру ратификации. В принципе, менять эту дату смысла нет, потому что необходимости такой нет, так как этот срок с 2012 года полностью закрывает нашу пятилетнюю исковую давность. Это связано с исковой давностью.

ТӨРАҒА. Ясно.

Сөз депутат Ертаев Бакытжан Ертайұлына беріледі.

ЕРТАЕВ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Сыртқы істер министрлігінің өкіліне арналады.

Келісімнің 2-тармағындағы оның ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген даулар мен келіспеушіліктерді тараптарды консультациялар және келіссөздер арқылы шешеді деп көрсетілген.

Дегенмен, Әлихан Асханұлы, егер көрсетілген жолмен туындаған даулы мәселелерді шешу мүмкін болмаса, онда тараптар оларды одан әрі қалай шешетін болады?

Келесі сұрағым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне арналады.

Осыған ұқсас дауларды шешуде халықаралық тәжірибе қандай?

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Қаралып отырған келісім шеңберінде екі тарап апостиль қоюдан бас тартып отыр, яғни бұл мәселе бойынша дау туу мүмкіндігі өте төмен. Дегенмен салық салуда немесе резиденттік бойынша кейбір мәселелер туындаса, салық конвенциясына сәйкес екіжақты уәкілетті органдар өз арасында келіссөз жүргізеді. Осы келіссөздер нәтижелі болмаса, онда табысқа екі мемлекетте де салық салынатын болады. Бұл жағдайда салық төлеуші тиісті сотқа жүгінуіне болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Марат Зеникенұлы, халықаралық тәжірибе туралы.

СЫЗДЫҚОВ М.З. Сұрағыңызға рақмет.

Егер мемлекеттер белгілі бір дауды екіжақты негізде шеше алмаса, олар дауды шешудің өзге жолдары мен әдістерін қолдануы мүмкін. Атап айтқанда, тараптардың өзара келісімімен үшінші елдердің делдалдылығын немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық соты арқылы шешу жолын қолданады.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Өтебаев Сәкен Нуриұлына беріледі.

ӨТЕБАЕВ С.Н. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

У меня вопрос относительно практической реализации данного соглашения. Он адресуется докладчику и представителю Министерства юстиции.

Вносимые изменения предполагают упрощение процедуры признания официальных документов, подтверждающих резидентство физических и юридических лиц двух государств. Вместе с тем, на мой взгляд, при реализации соглашения могут возрасти риски фальсификации официальных документов.

В этой связи у меня вопрос к докладчику: каким будет механизм выявления подобного рода фальсификации документов?

Вопрос к представителю Министерства юстиции: предусмотрена ли за это ответственность в Кодексе Республики Казахстан об административных правонарушениях? Спасибо.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопрос.

Риски минимальные. В соответствии с Налоговой конвенцией об избежании двойного налогообложения есть нормы о том, что стороны могут в любое время обмениваться информацией, то есть налоговые органы двух стран в любое время могут обмениваться информацией, в том числе по вопросам подлинности сертификата резидентства. Такой механизм.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Пожалуйста, Акерке Естаевна.

АХМЕТОВА А.Е. Спасибо за вопрос.

Вопрос легализации документов регулируется вообще в рамках других международных конвенций, включая Гаагскую конвенцию по легализации документов, но особенность этого соглашения заключается в том, что именно по налоговым документам в отношении официальных документов по резидентству не будет требоваться апостиль.

В отношении КоАПа я сейчас не смогу привести точную норму. Если разрешите, мы вам в письменном порядке ответим.

ТӨРАҒА. Нет возражений? Хорошо.

Сөз депутат Смағұл Бахытбек Смағұлұлына беріледі.

СМАҒҰЛ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Қаралып отырған халықаралық шартта уағдаласушы тараптардың әрқайсысы ол күшіне енгеннен кейін бес жылдан соң екінші тарапты дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабардар ету арқылы келісімнің қолдануын біржақты тәртіппен тоқтата алады деп көрсетілген. Осыған байланысты сұрағым бар.

Екінші тарап егер өзінің салығын, берешегін төлей отырып, шешілмеген мәселелердің болуымен өз ұстанымын дәлелдеген жағдайда оның күшін жоюға қарсы болса, келісімнің қолданысы тоқтатылатын бола ма? Осыған жауап берсеңіз.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл тек апостильді қою туралы талабының күшін жою туралы келісім. Екі жақ енді апостильді талап етпейтін болады. Бірақ екі тараптың біреуі бес жылдан кейін бұл келісімнен шығамын десе, онда қайтадан апостильді талап етеді. Онда ондай құқық болады және келісімнен біржақты шыға алады. Бірақ салық бойынша мәселелер туындауы мүмкін. Резиденттік бойынша дау немесе келіспеушілік туындауы мүмкін. Бұл мәселелер толығымен салық салу конвенциясы шеңберінде шешілетін болады. Жаңа айтылған механизм арқылы екі тараптың уәкілетті органдарының арасында келіссөздер жүргізіледі, резиденттігі және салық төлеудің тәртібі анықталады.

Анықталмаса, онда екі тарап та салық салады және салық салушы сотқа жүгінуіне болады. Осындай механизм.

ТӨРАҒА. Сонымен, құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Әлихан Асханұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Суслов Александр Васильевичке беріледі.

СУСЛОВ А.В. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Рассматриваемый законопроект был внесен в Мажилис Парламента Республики Казахстан 23 октября 2019 года в соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан №783.

Целью рассматриваемого соглашения является установление упрощенного порядка признания официальных документов, подтверждающих резидентство, выданных уполномоченными органами Республики Казахстан и Республики Армения, путем отмены какого-либо специального удостоверения, в том числе апостилирования или консульской легализации. Его реализация будет способствовать увеличению товарооборота и улучшению инвестиционного климата.

Соглашение предусматривает предоставление документа, подтверждающего резидентство физических и юридических лиц обоих государств без апостиля. Согласно пункту 1 соглашения порядок признания, предусмотренный соглашением, применяется к официальным документам, выданным уполномоченными органами государств с 1 января 2012 года.

На сегодняшний день по данному законопроекту всеми комитетами Мажилиса Парламента представлены положительные заключения. В ходе его рассмотрения поступила одна поправка по уточнению редакции текста проекта закона. Сравнительная таблица состоит из 1 принятой позиции.

На основании изложенного Комитет по финансам и бюджету считает возможным рекомендовать Мажилису Парламента Республики Казахстан одобрить проект Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения в форме обмена нотами о порядке признания официальных документов, подтверждающих резидентство, выданных уполномоченными органами Республики Казахстан и Республики Армения в рамках Конвенции между Правительством Республики Казахстан и Правительством Республики Армения об избежании двойного налогообложения и предотвращении уклонения от налогообложения в отношении налогов на доходы и на имущество и Протокола к ней от 6 ноября 2006 года».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Александр Васильевич.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ержан Құдайберген Төлеспұлына беріледі.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының стратегиялық бағыттарын табысты іске асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасау елдің

сыртқы саясатының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Әсіресе Кеден одағы мен Бірінғай экономикалық кеңістікті нығайтуға бағытталған.

Армения Қазақстан секілді сауда-экономикалық, саяси және өзге де қатынастары белсенді дамып келе жатқан Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттер болып табылады.

Осы келісім біздің елімізбен Армения Республикасының уәкілетті органдары берген резиденттерді растайтын ресми құжаттарды танудың жеңілдетілген тәртібін белгілейді. Қаралып отырған заң жобасы ратификацияланғаннан кейін қандай да бір арнайы куәлікті, оның ішінде апостильді немесе консулдық заңдастыруды жоюды болжайды.

Бұл шара біздің елдеріміз арасындағы бизнес-ахуалды едәуір жақсартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ біздің экономикамыздың инвестициялық тартымдылығына оң әсер етеді. Өйткені құжат айналымына байланысты бюрократиялық рәсімдер жеңілдетіледі.

Ортақ және ашық кедендік шекаралар мен өткізу нарықтарына ие бола отырып, Қазақстан мен Армения тауар айналымы мен инвестицияларды ұлғайтуға өзара мүдделі.

Заң жобасы шеңберінде ресми құжаттарды тану тәртібі туралы ретроспективті норма көзделгенін атап өткен жөн. Мұндай ретроспективтілік екі мемлекеттің салық төлеушілеріне қосарланған салық салу тәуекелін болдырмауға мүмкіндік береді.

Осы келісім Қазақстанның ұлттық мүдделеріне қайшы келмейді және оны іске асыру жөніндегі қаржылық шығындар көзделмейді.

Құрметті депутаттар! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қаралып отырған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дүррис: Құжаттамалар қамтамасыз ету
Бөлімінің секретарі менгерушісі
Майя Н. Майдығали*